

Абдуалиева Маржан Амирбековнаның 6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған «Болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыру» атты диссертациясына

П К І Р

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Диссертациялық жұмыс болашақ математика мұғалімдерінің математиканы оқыту үдерісінде дидактикалық электронды құрал-жабдықтарды қолдана алуын жетілдіру мәселесіне арналған. Докторант оқыту үдерісінде электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану үшін болашақ математика мұғалімінің әдіснамалық білімдерін қалыптастыруды зерттеген. Автор философиялық және педагогикалық әдіснаманың атқаратын қызметіне, олардың білім беру саласында, педагогикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу мен нәтижелеріне ғылыми негізделген талдаулар жасаудағы орны туралы өзіндік ой-пікірлерін білдірген.

Зерттеуші математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық дайындығын қалыптастыру мәселесін оқыту үдерісіндегі оқушылармен жүргізілетін оқу-танымдық іс-әрекеттердің, әдістердің, тәсілдердің жиынтығы ретінде қарастырады. М.А.Абдуалиеваның диссертациясының өзектілігі математика мұғалімдерінің оқу үдерісінде электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану тиімділігі, болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерінің қалыптасуына байланысты болатындығымен анықталады.

Жұмыста математика мұғалімдерінің әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың философиялық, педагогикалық және әдістемелік негіздеріне талдау жасалып, болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолданудың ерекшеліктері мен қағидалары айқындалған. Болашақ математика мұғалімдерін дайындаудың қазіргі жағдайына талдау жасалып және оларды жоғары оқу орындарында дайындауда әдіснамалық білімдердің алатын орны айқындалған. Сонымен қатар, болашақ математика мұғалімдерін дайындаудағы әдіснамалық білімдер жүйесін жетілдірудегі «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» таңдау курсының жобалаудың рөлі, орны мен оның кәсіби-педагогикалық бағдарлылығы анықталады.

Сондықтан, М.А. Абдуалиеваның «Болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы қазіргі қоғамның әлеуметтік тапсырысына сәйкес болашақ мұғалімдерді даярлауда өзекті мәселеге арналған.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші зерттеу барысында келесі нәтижелерге қол жеткізген:

1. Әдіснама және әдіснамалық білімдер ұғымдарына берілген шетелдік және отандық ғылыми жарияланымдардағы ақпараттарды сараптап талдау жасаған. Нәтижесінде болашақ мұғалімдердің әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың теориялық негізі сараланған, электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолданудағы әдіснамалық білімдер ұғымдарына анықтама берген.
2. Болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың құрылымдық моделі құрастырылып, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтаған.
3. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға болашақ математика мұғалімдерінің әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың әдістемесі ұсынылған.
4. Зерттеу жұмысының нәтижелері тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстарда тексерілген, дәлелденген ұсыныстарды оқу үдерісіне ендірген.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – зерттеушінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға болашақ математика мұғалімдерінің әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың теориялық негіздерін зерделеуде нормативті құжаттар, мұрағат деректеріне, ғылыми еңбектерге сараптау, талдау жасау арқылы негіздеуімен, ойын теориялық тұжырымдай білуімен, қорытынды жасауымен сипатталады.

Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі - электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға болашақ математика мұғалімдерінің әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауда, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтауында әдістемелік ұстанымдарын ашып көрсете білуімен сипатталады.

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – зерттеу жұмысының мазмұнын ашуда диссертант әдіснамалық білімдер туралы философиялық, психологиялық-педагогикалық, экономикалық-әлеуметтік ғылыми әдебиеттерді, интернет қорындағы ғылыми ақпараттарды, аймақтық деңгейде әдіснамалық білімдерді қалыптастырудың мұрағат қорындағы материалдарды сараптау, талдау жасаған және оны зерттеу жұмысына пайдаланған. Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға болашақ математика мұғалімдерінің бойында әдіснамалық білімдерді қалыптастыру бойынша «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» атты электронды оқу құралы даярланып, ҚР ӘМ зияткерлік меншік нысанын тіркеу куәлігін алған. Онда болашақ математика

мұғалімдерін электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолданудағы әдіснамалық білімдерін қалыптастырудың әдістемесі жасалып, ұсынылған.

Төртінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – ізденуші ұсынған әдістемесін эксперимент жұмыстары арқылы тексеріліп, нәтижелеріне талдау жасалған. Зерттеу жұмысының нәтижелері оқу үдерісіне ендірілуі оның шынайылық дәрежесін анықтап береді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың), тұжырымдар мен қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі – Болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыру мәселесі математиканы оқыту әдістемесінде алғашқылардың бірі болып көтеріліп отыр. Әдіснамалық білімдерді қалыптастыруға қатысты шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жасалып, электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға болашақ математика мұғалімдерінің бойында әдіснамалық білімдерді қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған.

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға болашақ математика мұғалімдерінің бойында әдіснамалық білімдерді қалыптастырудың моделі құрастырылған, оны жүзеге асыруды педагогикалық шарттары анықталған.

Үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерді қалыптастыру мазмұны мен әдістемесі ұсынылып, «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» таңдау курстары оқу үдерісіне ендірілген.

Төртінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерді қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименталды жұмыстар арқылы тексеріліп, дәлелденгендігі зерттеу нәтижелерін қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы

Ізденушінің зерттеу жұмысында алынған нәтижелердің ішкі бірлігі зерттеудің өзектілігін, нысанын, зерттеу пәнін, зерттеу міндеттері мен мақсатын, ғылыми болжамын, ғылыми жаңалығын, теориялық және практикалық маңыздылығын жеткілікті дәрежеде айқын тұжырымдалып, анықталғандығымен сипатталады. Зерттеудің әрбір кезеңіндегі нәтижелері тәжірибелік-эксперименталды жұмыстар арқылы тексерілген және дәлелденген. Зерттеу нәтижесінде даярланып, ұсынылған әдістеме оқу үдерісіне ендірілген. Зерттеуде қорғауға ұсынылған қағидалар логикалық бірізділікпен дәйектелген, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы тәжірибеде эксперимент арқылы тексеріліп, дәлелденген.

6. Изденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық жұмыста болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерді қалыптастырудың теориялық негіздеріне сүйене отырып қолданбалы міндеттер шешімін тапқан: әдіснамалық білімдерді қалыптастыру моделі жасалған, оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықталған; әдістемесі ұсынылған. Бұл мәселелер автордың оқу үдерісіне ендірілген «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» таңдау курсының оқу-әдістемелік кешенінде жеткілікті көрініс тапқан. Таңдау курсына аттас электронды оқу құралы ҚР ӘМ авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі алынған.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының болашақ математика мұғалімін дайындайтын факультеттері мен бөлімдерінде, мамандардың біліктілігін арттыру жүйесіне пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Изденуші зерттеу жұмысының негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары жалпы 22 ғылыми мақала және оқу құралы ретінде ғылыми басылымдарда жариялаған. Оның 2-і Скопус базасындағы журналда, 4-і ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің бұйрығымен бекітілген басылымдарда, 1-і алыс шетелдік ғылыми журналында (Индия), 3-і шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында (Ресей, Тольятти қ., Новосибирск қ.), 1-і Ресей ЖАК журналында, 8-і халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, 1-і «Менің кандидаттық диссертациям» атты халықаралық ғылыми-зерттеу конкурсының материалдарында (2-орын, Ресей, ТГУ, Тольятти қ.), 1 оқу әдістемелік құралы және 1 «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» электронды оқу құралы жасалып, ҚР ӘМ авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі алынған.

8. Диссертациялық жұмыс бойынша ескертпелер мен ұсыныстар

Дегенмен, диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуіне қатысты келесі ескертпелер бар:

1. Изденуші жұмыста әдіснама, әдіснамалық білім, электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану мәселелерін қарастырған кезде қазақ тіліндегі ғылыми еңбектерге басымдық берілуі керек еді.

2. Болашақ математика мұғалімдерінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыруды тек жоғары оқу орнында емес, сонымен бірге біліктілікті арттыру институттары мен орталықтарында да қарастырылған жағдайда диссертация мазмұнының құндылығын арта түсер еді.

3. Диссертацияның 8-бетіндегі келтірілген бірқатар авторлардың еңбектеріне сілтеме берілмеген.
 4. Диссертацияның 33-36 беттерінде көптеген ғалымдардың фамилиялары аталған. Олардың диссертация тақырыбына қаншалықты қатысы болғандығы белгісіз.
 5. 76-бетте Visual Basic тілі, Delphi тілі туралы баяндалған. Оларды Visual Basic, Delphi бағдарламалау орталары деген жөн еді. Себебі Delphi бағдарламалау ортасында Object Pascal тілі қолданылады.
 6. Диссертацияның 2.2-тармақшасының 114-бетіндегі оқушылардың білімдерін Бағалау критерийлері не себептен осындай пайыздармен алынғандығы түсініксіз.
 7. «Электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдіснамасы» курсы болашақ мұғалімдерге оқыту барысы, оның нәтижелері диссертацияда келтірілгенде зерттеу жұмысының сапасы арта түсетін еді.
- Алайда, бұл көрсетілген сын-ескертпелер диссертацияның жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына сәйкестігі

«6D010900-Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған Абдуалиева Маржан Амирбековнаның «Болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келеді және «6D010900-Математика мамандығы» бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент

Абай атындағы ҚазҰПУ

"Информатика және білім беруді ақпараттандыру"

кафедрасының доценті

педагогика ғылымының докторы

